

Абай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 13 шілдедегі "Абай ауданының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумактардың шекаралары туралы" № 66/708 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 наурыздағы № 16/155 шешімі. Қарағанды облысының Эділет департаментінде 2024 жылғы 15 наурызда № 6573-09 болып тіркелді

Абай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Абай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 13 шілдедегі "Абай ауданының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумактардың шекаралары туралы" № 66/708 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5951 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай аудандық мәслихатының төрағасы

Д. Сакенов

Абай аудандық мәслихатының

2024 жылғы 14 наурыздағы

№ 16/155 шешіміне

1 қосымша

Абай аудандық мәслихатының

2020 жылғы 13 шілдедегі

№ 66/708 шешіміне

1 қосымша

Абай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптары

Абай ауданында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар мен олардың шекті толу нормалары тәмендегідей айқындалсын:

- 1) Абай қаласының 3 ықшам аудандағы № 11 үйге қарама-қарсы жолдың периметрі бойынша алаң. Шекті толу нормасы – 500 адам;
- 2) Абай қаласы, Абай көшесі, 23а мекен-жайы бойынша орналасқан аудандық Мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң. Шекті толу нормасы – 2000 адам;

3) Топар кенті, Қазыбек би көшесі, 5 мекенжайында орналасқан "Энергетик" мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң. Шекті толу нормасы – 1000 адам;

4) Абай ауданында шерулер мен демонстрациялардың маршруттары:

Абай қаласы Шерубай батыр көшесі бойымен Сәкен Сейфуллин және Шерубай батыр көшелерінің қылышынан Шерубай батыр және Әлия Молдағұлова көшелерінің қылышына дейін;

Топар кентінің Дінмұхамед Қонаев көшесі бойынша Қазыбек би және Дінмұхамед Қонаев көшесінің қылышынан Гагарин көшелері мен Дінмұхамед Қонаев көшесінің қылышына дейін.

Ұмырт жағдайында бейбіт жиналыстар өткізуге арналған арнайы орындар жарықпен қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Ұйымдастыруши мен оның қатысушылары бейбіт жиналыстар өткізуге арналған арнайы орындарды мынадай тәртіппен пайдаланылады:

1) хабарламада көрсетілген уақыт бойы жиналыс үшін арнайы орын аумағында болады;

2) ғимараттардың, құрылыштардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мұліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

3) қауіпсіздік техникасының санитарлық нормалары мен ережелерін, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды.

Абай аудандық мәслихатының

2024 жылғы 14 наурыздагы

№ 16/155 шешіміне

2 қосымша

Абай аудандық мәслихатының

2020 жылғы 13 шілдедегі

№ 66/708 шешіміне

2 қосымша

Абай ауданында пикеттеуді өткізуға тыбынған іргелес аумақтардың шекаралары

1. Абай ауданының келесі объектілерінің іргелес аумақтарынан кемінде 800 метр қашықтықта пикеттеуді өткізу шекарасы айқындалсын:

1) жаппай жерлеу орындарында;

2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес аумақтарда;

3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес аумақтарда;

4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбырларда, ұлттық электр желілерінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес аумақтарда тыбынған салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК